

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

8. New Total English. PRE-INTERMEDIATE. Student's Book with Activation plus Vocabulary Trainer. Pearson Education Limited. Edinburgh Gate. Harlow. Essex. CM20 2JE. England and Associated Companies throughout the world. © Pearson Education Limited 2011

ӘОЖ:378 (574)

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛІ**

*Октяброва А.Б., 2 курс, шетел тілі екі шетел тілдері мамандығы, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қаласы*

*Габдешева А.Е., аға оқытушы, шет тілдер магистрі, М.Өтемісов атындағы БҚУ*

*Жоғары оқу орындарында әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың мақсатты бағыттағы үрдісін ұйымдастырудың қажеттілігі мен оның ғылыми және теориялық-әдістемелік қарастырылған, құзіреттілік ұғымдарының мағынасын аша отырып, әдеби анализ негізінде салыстырмалы түрде білім берудің ерекшеліктеріне шығармашылық әлеуетін ұстануы табылады.*

«Құзыреттілік» ұғымы «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берілген: «құзыр» – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» дегенді білдіреді [4].

«Ұстаз қандай болса қоғамы сондай» деген бұлжымас заңдылыққа сай қоғамда да көкейкесті. Сондықтан да бүгінгі күннің өзекті мәселесі – педагогтердің құзыреттілігін үздіксіз дамыту. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие-білім беру үрдісін модельдей алатын, тәрбие беру және білім берудің технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру – өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзыретті мұғалім мектептің тәрбие-білім беру процесінде шығармашыл оқушылардың қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктерінің іске асуына ықпал жасайды.

Қазіргі таңда мұғалім құзыреттілігін үздіксіз жетілдіруде мынандай міндеттер жүктеліп отыр: мамандығы бойынша негізгі дайындығының болуы; адамдардың адамға, қоғамға қатынасын реттейтін құқықтық және этикалық нормаларын білуі; қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып жаңа білім алуы және өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білуі; компьютерлік техниканы меңгеруі; ғылыми іскерлік, қоғамдық, саяси, және тұрмыстық тілдер ауқымында мемлекеттік және шетел тілдеріндесөйлесе білуі. Технологиялық тұрғыдан алып қарағанда, жаңа әдістерді, инновациялық технологияларды, ұйымдастыру формаларын, білім алушының танымдық, әлеуметтік іс-әрекетін қарқындату және оларға сәйкес базалық іскерліктерін дамытуды пайдалану маңызды болып табылады. Білім беру сапасын бағалау мәселесін шешу үдерісінде тек жоғары оқуорнының профессор-оқытушылар құрамы ғана қатысып қоймай, ғылыми-зерттеу ұйымдары, жұмыс берушілер және басқа да әлеуметтік әріптестер де қатысуы керек [4].

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

**Инновациялық әдіс-тәсілдерді  
қолдану**



Бүгінде құзыреттілік тәсіл жаңаша идея болмағанымен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда, атап айтқанда, студенттерге бағдарланған құзыреттілік пен білім беруден күтілетін нәтижеден олардың мазмұнды және процессуалды білім беру үдерісінің негізгі мақсатын көруге болады. Барлық потенциалды жоғары білім беру саласында құзыретті түлекті қалыптастыру үшін бәрінен бұрын, бүгінгі білім алушылардың танымын, коммуникативтілігін, дербес белсенділігін дамытатын технологияларды қолдану керек. Білім беру тәжірибесіне құзыретті-бағдарланған тәсілді енгізу үшін ерекше ұйымдастыру түрлерімен қатар, мысалы, әдістемелік жүйеге оқытудың жеке тұлғаға бағытталған әдісін, даралық, дифференциалдық, жобалық-зерттеуші әдістерін енгізген сияқты, маңызды құзыреттілікті құрастыру қажеттігін талап етеді. Құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі [1].

Нәтижеге бағытталған білім сапасын арттыру Қазақстанның ғана емес дүние-жүзілік қоғамдастықтың өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселенің шешуі білім беру мазмұнын модернизациялау мен үрдісін ұйымдастыру тәсілдері мен технологияларын жетілдіруді, яғни білім берудің мақсаттары мен нәтижелерін қайта ой-елегінен өткізуді қажет етеді. Қоғамымыздың болашағы, дұрыс бағытта дамуы жас ұрпақтың іс-әрекетіне, тәлім-тәрбиесіне, сана-сезіміне, дүниетанымына тікелей байланысты. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесі мен білімі мәселесі егеменді еліміздің болашағын айқындайтын ең маңызды міндеттердің бірі. Осы міндетті шешу педагогтердің кәсіби құзыреттілігінде. Олай болса, қоғам педагогтерге үлкен үміт артып, педагогикалық шеберлікті, үлкен жауапкершілікті, кәсіби құзыреттілікті талап етеді.

Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Жоғары оқу орындары үшін жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдерді кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі екендігі белгілі. Осыған байланысты әрбір студенттің бойында ғаламдық өзгерістерді ұғына, қабылдай, соған сәйкес білім дағдыларды-қарқынды меңгере алу, жаңашылдық ізденіске ұмтылу сияқты белгілері толығымен қалыптасуы тиіс. Бұл туралы Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында былай делінген: «Қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қойылатын талаптары соңғы жылдары күрделенді. Жаңа қоғам мұғалімі-ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық тұрғыдан білімді, шығармашыл тұлға, өзін-өзі да-

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

мытуға ұмтылысы бар, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқа түрлерін меңгерген біліктілігі жоғары маман» .

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. А.Н. Дахин «Компетенция и компетентность:с колько их у школьника?», 2004
2. «Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» / А., 2005
3. К.О. Оразбаева «Жаһандану жағдайында сапалы педагог мамандар даярлау мәселесі», 2013
4. А.В. Хуторской «Ключевые компетенции и образовательные стандарты», 2002

УДК 796.32

**АНАЛИЗ ТАКТИКИ ПРИМЕНЕНИЯ  
В СОРЕВНОВАНИЯХ ПОДАЧ В ВОЛЕЙБОЛЕ**

*Петриков Е.А., 4 курс, физическая культура и спорт, педагогический институт, Костанайский региональный университет им. А.Байтұрсынова*

*Крупенкин П.В., старший преподаватель, кафедра теории и практики физической культуры и спорта*

*В работе рассматривается тактическое применение подач в волейболе в соревнованиях различного уровня Республики Казахстан (Высшая и Национальная лига) и Чемпионата России.*

«В современном волейболе подача является первым атакующим действием, когда за счет сильной подачи есть возможность сразу выиграть очко. В то же время – подача составляет часть оборонительной системы команды» – это мнение тренеров достигших наивысших результатов в волейболе [1, с.9].

Силовая подача в прыжке демонстрируется лучшими её исполнителями на чемпионате мира – французами Гранворкой и Капетом и аргентинцем Милинковичем:разбег в 3-4 шага; мяч подбрасывается высоко и вперед /для игроков-правшей вес тела в момент подброса мяча находится на правой ноге/прыжок – правая нога стопорит, левая приставляется /правши/замах бьющей руки – синхронно с прыжком; удар – в высокой точке и впереди; точка удара над площадкой; приземление и занятие места в оборонительном порядке.

Игроки Сарторетти /Италия/, Абрамов /Россия и Ямамото /Япония используют несколько иной способ подачи. Принципиально – техника остаётся такой же, но удар по мячу производится по его задней части, что придаёт мячу верхнее вращение. Траектория полёта мяча в этом случае напоминает параболу с резким «обрывом» мяча в конце полёта, что вынуждает принимающего перемещаться вперед. Этот способ подачи часто используется левшами, место подачи которых – за своей зоной 5 [1, с.11].